

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының
білім бөлімінің «Дәния» бөбекжай бақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорын

Ертеңгілік

«Айналайын» ересек топ

«Алғысым шексіз...!»

Тәрбиешілер: Ж. Жұмағұлова
Ә. Жаназарова

Талапты ауылы
2023-2024 оқу жылы

Тексерілді:

Әдіскер А Наденова

«Алғысым шексіз....»

Мақсаты: Дамытушылық: ризашылық, рахмет, алғыс туралы түсінік беру; Ізденушілік: үлкен — кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым — қатынасын дамыу; Тәрбиелік: әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу

Тәрбиеші: Көктем, көктем, көктемде

Құстар келіп жеткенде

Біз қуанып қаламыз

Құстар келіп жеткенде

Ән мен қарсы аламыз

Көктем, көктем, көктемде

Күн күркіреп өткенде

Нұр-жаңбырды тосамыз,

Оны да әнге қосамыз,

- Қайырлы күн қымбатты балалар, құрметті қонақтар және тәрбиешілер! «1 наурыз – Алғыс күні» атты Ризашылық күніне арналған қош келдіңіздер!

Тәрбиеші: Ризашылық күні адамдар бір-біріне қуаныш, шаттық сыйлайды, өз жетістіктерімен бөліседі, бір-біріне алғысын айтады.

Шаттық шеңбер.

Білер қазақ баласы,

Сәлем - сөздің анасы.

Алдымызда отырған,

Қонақтарға ізетпен.

Біздер сәлем береміз.

Тәрбиеші: Адамдар бір-біріне ризашылықтарын, алғыстарын білдіріп тұру керек. Балалар, осы сөздерге назар аударыңдаршы. Алғыс айту – бір адамның екінші адамға деген ықыласы, оны мойындау сезімі, жақсылығы үшін білдіретін ниеті.

Тәрбиеші: Адамдар бір-біріне деген алғыс сезімдерін қандай сөздер арқылы білдіреді? - «Рахмет», «алғыс айтамын», «сізге өте тәнтімін», «көп-көп рахмет», т.б. сөздер.

- Балабақшада тәрбие, білім алып жатқанымыз үшін алғыс айтуымыз керек.

- Бізге әріптерді үйреткен тәрбиешілерімізге алғысымызды айтуымыз керек.

- Жарық сәулесін сыйлаған күнге алғыс айтуымыз керек

- Таза ауасын сыйлаған ағаштарға рахмет айтуымыз керек

- Бізге өмір сыйлаған анамызға алғыс айтуымыз керек

Біз анамызға қалай алғыс білдіреміз?

- Анаға күлкі сыйлауымыз керек.

- Оған қамқор болуымыз керек

- Сабакты жақсы оқуымыз керек

- Тәртіпті, әдепті болуымыз керек. Балалар, осы айтылған жақсы сөздерді әрқашанда жадымызда сақтап жүрейік.

Тәрбиеші:

Аллаға әуелі рахмет!

Тірлікті мынау жаратқан.

Анаға шексіз рахмет!

Ақ сүт берген, толғатқан.

Әкеге айтам мың алғыс!

Ұрпақтар жібін тарқатқан.

Бауырға туған рахмет!

Қолдаған, сүйген, жұбатқан – дей келе бүлдіршіндеріміздің өлең шумақтарын қабылалыңыз.

Жанар Тәрбиешіге ұлы рахмет!

Нәрімен білім сусатқан.

Балалық досқа рахмет!

Қуанған бірге мұңдасқан.

Сол жанға айтам мың алғыс!

Сезімі үшін жылытқан.

Халқыма туған рахмет!

Шыңдаған, елге танытқан.

Тәрбиеші: Ананың әңгімесі. Бірде анам екеуіміз сырласып отырғанда «Сендей өнегелі, ақылды, тәрбиелі қызым өсіп келе жатқаны мен үшін зор бақыт», – деп айтқан еді. Сол сөзді естігенімде қанаттанып, алға қарай ұмтылдым. Анамның айтқан әр сөзі санамда сайрап, рухтандырып, қанат бітіріп, өмірге деген көзқарасымды қалыптастырып, алдағы болашағымды айқындауға көмектеседі. Ол кісіге деген ризалығымды айтып жеткізу мүмкін емес. Әрине жүректен шыққан сезімді сөзбен емес, іспен дәлелдеу керек емес пе?! Сондықтан мен аянбай еңбектенемін. Рахмет сізге, анашым! Маған берген тәлім-тәрбиеңіз бен аналық махаббатыңызға шексіз ризамын! Сөз соңында айтарым, «АНА» сөзінен аспайық, оны әрқашан қадір тұтып, сыйлайық!

Тәрбиеші: Сонымен, рақметке лайықты кімдер? Тізімді бірге құрайық! Бастысы – алғыс айта білу... Анаға – өмір сыйлағаны үшін, Әкеге – қорған болғаны үшін, Далаға – гүлдері мен көк шалғыны үшін, Сөзге – жанды жылытатыны үшін, Күнге – шуағы мен назары үшін, Жұлдызға – қараңғы түндегі жарығы үшін, Досқа – құшағы мен иығы үшін, Әжеге – ыстық алақаны үшін, Суға – тіршілік көзі болғаны үшін, Жерге – махаббаты мен бар болғаны үшін, Отқа – жылулығы үшін..

Тәрбиеші: Видео ролик. «Жақсылығың қайтар өзіңе». -Балалар,жылы сөз,қайырымды іс,жақсы ой,кіршіксіз сезімдеріңді ешкімнен ешқашан аямаңыздар. «Рахмет» деген қасиетті сөзді жиі айтыңдар.Адам алғыс пен ризашылықты естіген сайын,жақсылық жасағысы келіп тұратынын есте сақтаңдар.Өмірдің әрбір сәтін бағалай білуге үйреніңдер және Табиғат –Анаға мейірімді күні үшін,көңілді жаңбыры мен ақ қары үшін,жұмсақ ақ ұлпа бұлты үшін,жақын адамдарға қайырымдылығы мен риясыз махаббаты үшін алғыс айтуды ұмытпаңдар.

Тәрбиеші:

Келсе ата-анамыз

Кездесті ылғи сізбенен

Деп білеміз панамыз

Қажетті бізге іздеген

Балабақша сәнді, кең

Болды ыңғайлы жай нағыз

Бәрі үшін алдымен

Балабақша меңгерушісі

Баян апайға Мың алғыс айтамыз.

Тәрбиеші: Алтындай уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге мында бір алғыс білдіреміз! Осымен 1 наурыз- Алғыс күніне арналған оқу қызметіміз аяқталды. Сау болыңыздар, көріскенше күн жақсы болсын!.

